

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 1 қыркүйек N 1212. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.08.03. N 1176 қаулысымен. ~P001176

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қарудың жекелеген түрлері айналымын мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 ақпандағы N 110

P950110_

қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін.

Аталған қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы қарудың жекелеген түрлері айналымының ережелері" деген N 1 қосымша мынадай редакцияда мазмұндалған N 19-а қосымшасымен толықтырылсын:

"N 19-а қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің ведомстволық әскериленген күзетін қаруландыруға арналған қарулар мен оның оқ-дәрілерінің

Н О Р М А Л А Р Ы

I. ҚАРУЛАНДЫРУ НОРМАЛАРЫ

Әскерилендірілген күзет - бір шолғыншыға немесе постқа иір ойықты 2 қару

Қару резерві - қаруы бар әрбір 10 адамға 1 қару

II. ОҚ-ДӘРІ НОРМАЛАРЫ

	запас	практика үшін	ұрысты тексеру
	1 адамға	1 адамға	үшін (1 бірлікке)
Карабинге	60	10	8 (қаруды жылына екі тексеру)
пистолетке	32	12	8 (қаруды жылына екі тексеру)
револьверге	28	12	8 (қаруды жылына екі тексеру)
әскерилендірілген күзет			8 (қаруды жылына екі тексеру)

Ескертпе: 1. Ұрыс қаруларын тексеруге көзделген оқ-дәрілерді басқа мақсаттарға жұмсауға тыйым салынады.

2. Ұрыс қаруларына жылына екі рет тексеру жүргізу қажеттігін ВӘК командасының бастығы бекітеді.

Ведомстволық әскерилендірілген күзеттің жеке құрамы төмендегідей қарулана алады:

	Карабин	Тапанша, револьвер
ВӘК командасының бастығы		1
ВӘК жедел топ бастығы (қарауыл)		1
Шолғындағы, Ішкі постағы және БӨП-дегі мерген-өрт сөндіруші		1

Ескертпе: Шолғынға шыққан ІӨБ қызметкерлері қажет болғанда карабинмен қарулануы мүмкін.

ІӨБ жеке құрамымен үйрену мақсаты және мергендік жаттықтыру өткізу үшін командаға жаттығу карабині мен шағын калибрлі пистолет алуға рұқсат етіледі":

"Қызметтік-штаттық қару (тапанша) сақтауға және ұстауға құқық берілген лауазымды адамдардың тізбесі" атты N 3 қосымшасындағы "Қазақ интернационалдық банкі директорлары Кеңесінің төрағасы" сөздерінен кейін мынадай сөздерімен толықтырылсын:

"Алматы теміржол басқармасының бастығы
Тың теміржол басқармасының бастығы
Батыс-Қазақстан теміржол басқармасының бастығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қазақ клиникалық және эксперименттік

хирургия ғылыми-зерттеу институтының директоры.

"Қазхром" ұлтаралық акционерлік компаниясының президенті".

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК